

Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 24 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15050 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың:

1) "Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк

холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 91 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7564 тіркелген, 2012 жылғы 18 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде № 229-230 (27048-27049) жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 261 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10211 тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 8-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаздағы және электрондық түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігі

Министр _____ Д. Абаев

2017 жылғы 7 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Министр _____ Т. Сүлейменов
2017 жылғы 27 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 қаңтардағы
№ 24 қаулысымен
бекітілген

Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (бұдан әрі – ӘРПК), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 11-1-бабының 1-тармағының бесінші

бөлігіне, 13-2-тармағының екінші бөлігіне, 11-2-бабының 1-тармағының екінші бөлігіне, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң) сәйкес әзірленді.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, тиісті нормативтік құқықтық акті бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидалар қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсатты беру (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет), сондай-ақ банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою тәртібін айқындайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

2-тарау. Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру тәртібі

4. Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алу үшін банк немесе банк холдингі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес нысан бойынша құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға электронды түрде өтініш береді.

5. Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк холдингі және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға қаржы

ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін алу туралы өтінішпен бір мезгілде ұсынатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы электрондық түрде ұсынылады.

6. Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлануға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

7. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды қоспағанда, еншілес ұйымның бизнес-жоспары мынадай талаптарға сәйкес келеді :

1) төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты қамтиды:
көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы;

оны құрғаннан немесе иеленгеннен кейін банк немесе банк холдингінің және еншілес ұйымның болжамды есептік балансын қоса алғанда, сондай-ақ еншілес ұйымның активтерін сату немесе еншілес ұйымды басқару бойынша оның қызметіне елеулі өзгерістер енгізуге қатысты банк немесе банк холдингінің жоспары немесе ұсынысы болған жағдайда банк немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруының, иеленуінің қаржылық нәтижелерін талдау;

құрамына банк немесе банк холдингі кіретін банк конгломератының уәкілетті орган белгілеген банк немесе банк холдингінің еншілес ұйымдарының болжамды қатысуы нәтижесінде пруденциялық нормативтерді және банктердің сақтауы міндетті басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуі;

еншілес ұйымның ұйымдастырушылық құрылымы;

2) банк немесе банк холдингінің бірінші басшысының не оның міндеттерін атқарушы тұлғаның қолымен куәландырылады.

8. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуы немесе апостильденуі тиіс (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда). Шет тілінде ұсынылатын бұл құжаттар қазақ, және қажет болған кезде орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.

9. Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған жағдайда, уәкілетті орган банкке немесе банк холдингіне осы ескертулерді көрсете отырып пошта, факсимильдік байланыс, электрондық пошта және (немесе) портал арқылы хат жібереді.

Банк немесе банк холдингі ескертулерді жояды және уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынады.

Банк немесе банк холдингі өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

10. Уәкілетті органның хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі - жауапты бөлімше) орындауға жіберуді жүзеге асырады. Банк немесе банк холдингінің өтініші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

11. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қолданылатын ақпараттық жүйелерден және цифрлық құжаттар сервисінен:

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттар анықталған жағдайда жауапты бөлімше осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және портал арқылы банк немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" жібереді.

12. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше 36 (отыз алты) жұмыс күні ішінде құжаттардың олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін банкті немесе банк холдингін мемлекеттік

қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын-ала шешім, сондай-ақ банкке немесе банк холдингіне алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау жүргізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Банк ұсынған тыңдалым құжаттарын қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы уәкілетті органның Басқармасы қаулысының жобасын дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына жібереді. Уәкілетті органның Басқармасы бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті орган Басқармасының қаулысын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету шегінде) банктің немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" портал арқылы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйым құруға немесе иеленуге рұқсат беру туралы хабарламаны не Басқарма қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен тиімді мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін мәні бар нақты жағдайларды белгілеу қажеттігіне орай 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы ӨРПК-нің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

13. Алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.

14. Егер құрылатын не сатып алынатын еншілес ұйым Қазақстан Республикасының резиденттері - банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, инвестициялық портфельді басқарушы болып табылса, Қағидалардың 5-

тармағында көзделген өтініш Банктер туралы заңның 17-1 бабының 2-тармағында, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң) 26-бабының 2-тармағында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 72-1-бабының 3-тармағында көзделген тәртіпте банк немесе банк холдингі ұсынатын қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін сатып алу туралы өтінішпен бір мезгілде беріледі.

Егер құрылатын не сатып алынатын еншілес ұйым Қазақстан Республикасының резиденттері - банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, инвестициялық портфельді басқарушы болып табылса, еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға арналған келісіммен бір мезгілде ұсынылады.

3-тарау. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсатты беру тәртібі

15. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алу үшін банк Мемлекеттік қызмет көрсету қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға өтінішті портал арқылы электрондық түрде ұсынады.

Банк өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

16. Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлануға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

17. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуы немесе апостильденуі тиіс (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда). Шет тілінде ұсынылатын бұл құжаттар қазақ, және қажет болған кезде орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.

18. Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған жағдайда, уәкілетті орган банкке немесе банк холдингіне осы ескертулерді көрсете отырып пошта,

факсимильдік байланыс, электрондық пошта және (немесе) портал арқылы хат жібереді.

Банк немесе банк холдингі ескертулерді жояды және уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынады.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

20. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қолданылатын ақпараттық жүйелерден және цифрлық құжаттар сервисінен:

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттар анықталған жағдайда жауапты бөлімше осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және портал арқылы банк немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" жібереді.

21. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше 36 (отыз алты) жұмыс күні ішінде құжаттардың олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін банкті немесе банк холдингін мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын-ала шешім, сондай-ақ банкке немесе банк холдингіне алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау жүргізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту

туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Банк ұсынған тыңдалым құжаттарын қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы уәкілетті органның Басқармасы қаулысының жобасын дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына жібереді. Уәкілетті органның Басқармасы бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті орган Басқармасының қаулысын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету шегінде) банктің немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" портал арқылы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйым құруға немесе иеленуге рұқсат беру туралы хабарламаны не Басқарма қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен тиімді мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін мәні бар нақты жағдайларды белгілеу қажеттігіне орай 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК-нің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

22. Алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.

4-тарау. Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатты беру тәртібі

23. Банк немесе банк холдингі ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттар мен мәліметтерді қоса берумен, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға портал арқылы электронды түрде өтініш береді.

24. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйыммен бірге құрылатын (сатып алынатын) күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алатын ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін банк Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттар мен мәліметтерді қоса берумен, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымның капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға портал арқылы электронды түрде өтініш береді.

25. Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк холдингі және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін алу туралы өтінішпен бір мезгілде ұсынатын банк холдингінің және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлғаның ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Банк немесе банк холдингі немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

26. Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

27. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуы немесе апостильденуі тиіс (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда). Шет тілінде ұсынылатын бұл құжаттар қазақ, және қажет болған кезде орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.

28. Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған жағдайда, уәкілетті орган банкке немесе банк холдингіне осы ескертулерді көрсете отырып пошта, факсимильдік байланыс, электрондық пошта және (немесе) портал арқылы хат жібереді.

Банк немесе банк холдингі ескертулерді жояды және уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынады.

29. Уәкілетті органның хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады. Банк немесе банк холдингінің өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

30. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қолданылатын ақпараттық жүйелерден және цифрлық құжаттар сервисінен:

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттар анықталған жағдайда жауапты бөлімше осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және портал арқылы банк немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" жібереді.

31. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше 36 (отыз алты) жұмыс күні ішінде құжаттардың олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін банкті немесе банк холдингін мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын-ала шешім, сондай-ақ банкке немесе банк холдингіне алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау жүргізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Банк, банк холдингі ұсынған тыңдалым құжаттарын қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы уәкілетті органның Басқармасы қаулысының жобасын дайындайды және

уәкілетті орган Басқармасының қарауына жібереді. Уәкілетті органның Басқармасы банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті орган Басқармасының қаулысын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету шегінде) банктің немесе банк холдингінің "жеке кабинетіне" портал арқылы банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру туралы хабарламаны не Басқарма қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен тиімді мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін мәні бар нақты жағдайларды белгілеу қажеттігіне орай 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы ӨРПК-нің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

32. Алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.

33. Қазақстан Республикасының резиденттері - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының капиталына қомақты қатысуды сатып алған жағдайда, Қағидалардың 25-тармағында көзделген өтініш Банктер туралы заңның 17-1-бабының 2-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 2-тармағында және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабының 3-тармағында көзделген тәртіпте банк немесе банк холдингі ұсынатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін сатып алу туралы өтінішпен бір мезгілде беріледі.

Қазақстан Республикасының резиденттері - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының капиталына қомақты қатысуды сатып алған жағдайда ұйымдардың капиталына қомақты қатысу үшін рұқсат қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің мәртебесін сатып алуға келісіммен бір мезгілде беріледі.

5-тарау. Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою тәртібі

34. Уәкілетті орган банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты Банктер туралы заңның 11-1-бабының 13-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қайтарып алады және рұқсатты кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде бұрын берілген рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылдайды.

35. Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат қайтарып алынған жағдайда банк немесе банк холдингі Банктер туралы заңның 11-1 бабының 13-2 тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады және Қағидалардың 36-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, оларға тиесілі акцияларды (жарғылық капиталда қатысу үлестерін) иеліктен шығаруды жүргізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлама ұсынады.

36. Банктер туралы заңның 11-1-бабы 13-1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде банк немесе банк холдингі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуға бұрын берілген рұқсаттың күшін жою туралы өтінішпен жүгінеді.

37. Уәкілетті органның еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсатын бұрын алған және кейіннен ұйымдардың капиталына қомақты қатысудың белгілері ғана бар банк немесе банк холдингі көрсетілген өзгерісті және "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алымға төлемнің жасалуын растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілген өзгеріс туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті орган еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға бұрын берген рұқсаттың қолданылуын және банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсатты беруді тоқтату туралы уәкілетті органға өтінішхат береді.

Банк немесе банк холдингі Банктер туралы заңның 8-бабында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда, оған қатысты банк немесе банк холдингі бұрын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға тиісті рұқсат алған, осы еншілес ұйым қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, банкке немесе

банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға уәкілетті органның рұқсатын алу талап етілмейді.

6-тарау. Уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

38. Қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты: 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны бойынша Бірыңғай байланыс орталығына хабарласу арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" жіберген кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу кезінде жаңартылатын өтініш туралы ақпаратқа (жеткізілім, тіркеу, орындау туралы жазбалар, қарауға жауап немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қол жеткізуге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

39. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті алушының толық атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) шағым беруші тұлға өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

- 4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;
- 5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

40. Егер өзгесі заңда көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға немесе банктің немесе банк холдингінің ұйымның капиталына қатысуға рұқсат беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы	Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат беру; Банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат беру; Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру; Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйыммен бірге құрылатын (сатып алынатын) күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алатын ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына немесе банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің Басқармасы қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіру тәсілдері	50 (елу) айлық есептік көрсеткіш. Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
7.	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті

		алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндеттерін жүзеге асыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрату; 2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру туралы өтініштің электрондық көшірмесі; 3) еншілес ұйымның құрылтай құжаттарының электрондық көшірмелері (заңды тұлғалар-Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін); 4) еншілес компанияны жағдайында - еншілес ұйымды құру туралы шешімнің электрондық көшірмесі немесе оны сатып алу жағдайында – еншілес ұйымды сатып алу туралы шешім (қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында мәліметтер болмаған жағдайда) электрондық көшірмесі; 5) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпараттың электрондық көшірмесі;

6) үлестес тұлғалар туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі (қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында мәліметтер болмаған жағдайда).

Көрсетілетін қызметті алушы-банкте банк холдингі болмаған жағдайда:

осы ұйымдар қауымдастығы меморандумының немесе ережелерінің шарттарына сәйкес олардың қызметін бірлескен негізде басқарумен байланысты; егер көрсетілген ұйымдардың атқарушы органы, басқару органы (акционерлік қоғамдар үшін), байқаушы кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін) құрамының үштен бірінен астамын сол белгілі бір тұлғалар құрайтын болса, еншілес ұйымға байланысты ұйымдар туралы ақпараттың электрондық көшірмесін қосымша береді;

7) Қағидалардың 7-тармағына сәйкес еншілес ұйымның бизнес-жоспарының электрондық көшірмесі;

8) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасын талдау негізінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк конгломератына қатысушылар орналасқан елдердің заңнамасы бойынша олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарды орындауға мүмкіндік берілмеуіне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалауды жүргізу мүмкіндігінің болмауын көздейтін мән-жайлардың жоқ екендігі туралы ақпараттың электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасының бейрезидент-еншілес ұйымын сатып алған кезде);

9) соңғы аяқталған есептік кезең үшін сатып алынатын еншілес ұйымның аудиторлық ұйым

куәландырған қаржылық есептілігінің электрондық көшірмесі;

10) көрсетілетін қызметті алушы жарғылық капиталға қатысу үлесін немесе акцияларын сатып алу арқылы еншілес ұйым сатып алатын заңды тұлға туралы деректердің электрондық көшірмесі;

заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жерін;

көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына көрсетілетін қызметті алушының қатысу үлесінің мөлшері, оны иелену бағасы туралы мәліметті;

көрсетілетін қызметті алушы акционері болып табылатын заңды тұлғаның акциялар саны, оларды иелену бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам иеленген акциялары шегеріле отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметті;

заңды тұлғаның (көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысы, қатысушысы, акционері болған) қатысу үлесінің мөлшері, басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталынан оны сатып алу бағасы туралы мәліметті;

көрсетілетін қызметті алушы акционері (құрылтайшысы, қатысушысы) болып табылатын заңды тұлға сатып алған акциялардың саны, сатып алу бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметті қамтитын мәліметтерді беруі қажет.

Осы талаптар көрсетілетін қызметті алушы бірнеше заңды тұлғаның жарғылық капиталға қатысу үлестерін немесе

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжат мен мәліметтердің тізбесі

акцияларын иелену арқылы еншілес ұйым иеленетін жағдайларға қолданылады;

11) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алым төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

12) оның негізінде бақылауды алуға немесе еншілес ұйымды бақылауды растауға негізделетін, бақылау себебін көрсете отырып, басқа құжаттардың электрондық көшірмелері.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндеттерін атқаратын адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, оның ішінде бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру туралы өтініштің электрондық көшірмесі;

3) еншілес ұйым сатып алған жағдайда – тиісті өтініш берілгенге дейінгі еншілес ұйымның соңғы аяқталған тоқсандағы қаржылық есептілігінің электрондық көшірмесі;

4) оған қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16795 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 61 қаулысымен бекітілген, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып

алатын еншілес ұйымның қызметі қағидаларымен (бұдан әрі – № 61 қағидалар), ол сатып алатын (сатып алған) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптармен белгіленетін бизнес-жоспардың және күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының электрондық көшірмелері.

Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру үшін мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының немесе оның міндеттерін жүзеге асыратын адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 4), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға өтініштің электрондық көшірмесі.

3) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің немесе банк холдингінің капиталда қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттар) туралы ақпараттың электрондық көшірмесі.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйыммен бірге құрылатын (сатып алынатын) күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алатын ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының

не оның міндеттерін жүзеге асыратын адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 4), 5), 10) және 11) тармақшаларында және осы тармақтың екінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға өтініштің электрондық көшірмесі.

Қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге бір мезгілде келісім алған жағдайда, банк холдингінің немесе еншілес ұйымның банк холдингі мәртебесін иеленуге рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндеттерін атқарушы адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 11) тармақшасында көзделген құжатты қоса бере отырып, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк холдингі және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға ұсынатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға арналған өтініштің электрондық көшірмесі.

Қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге бір мезгілде келісім алған жағдайда, банк холдингінің немесе ұйымдардың капиталындағы банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлғаның қомақты қатысуына рұқсат беру бойынша

		мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндеттерін атқарушы адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 11) тармақшасында көзделген құжатты қоса бере отырып, Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк холдингі және (немесе) ұйымдардың капиталындағы банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға ұсынатын банк холдингінің және (немесе) ұйымдардың капиталындағы банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлғаның ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға арналған өтініштің электрондық көшірмесі.
		Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері: 1) құрылатын немесе иеленетін еншілес ұйым орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнамасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сай келмеуі; 2) еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттардың) " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 20-бабы 3-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының болжанып отырған еншілес ұйымының болуы

нәтижесінде құрамына көрсетілетін қызметті алушы кіретін банк конгломератының пруденциялық нормативтерді сақтамауы;

4) еншілес ұйымның қызметі немесе көрсетілетін қызметті алушы жоспарлаған инвестициялар салдарынан көрсетілетін қызметті алушының (банктің, банк холдингінің) немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауы көзделетін қаржылық салдарды талдау;

5) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасында көзделген жағдайларда еншілес ұйымның белгіленген пруденциялық нормативтерді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының пруденциялық нормативтерді сақтамауы, оның ішінде шоғырландырылған негізде сақтамауы және көрсетілетін қызметті көрсетушіге рұқсат алуға өтініш берген күннің алдындағы соңғы 3 (үш) ай ішінде және (немесе) өтінішті қарау кезеңінде басқа да сақталуға міндетті нормативтер мен лимиттерді сақтамауы;

6) өтініш берілген күні және құжаттарды қарау кезеңінде банкте және (немесе) банк холдингінде және (немесе) иелену болжанған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және осы Заңның 46-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 9) және 14) тармақшаларында, 47-1-бабында көзделген қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы , сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік шаралардың болуы;

7) көрсетілетін қызметті алушы еншілес ұйымды - Қазақстан

9.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері

Республикасының резиденттері банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, инвестициялық портфельді басқарушыны құрған немесе сатып алған жағдайларда, Банктер туралы заңда, сақтандыру және сақтандыру қызмет туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері банк немесе сақтандыру холдингі, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруге қатысты талаптарды сақтамау;

8) ұсынылған құжаттар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ескертулерін жоймау;

9) банктің, банк холдингінің банктің еншілес ұйымдарын, банк холдингін құруға, банктердің, банк холдингтерінің заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін сатып алуына қойылатын Банктер туралы заңның 8 және 40-баптарында белгіленген талаптарды сақтамауы ;

10) банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруға, сатып алуға көрсетілетін қызметті берушіге рұқсат алуға өтініш берген күннің алдындағы аяқталған соңғы екі қаржы жылының әрқайсысының қорытындылары бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған негіздердегі залалды қызметі;

11) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

		Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алуға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер: 1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 8) және 11) тармақшаларында көзделген негіздер; 2) еншілес ұйымға берілетін күмәнді және үмітсіз активтердің Банктер туралы заңның 11-2-бабы 4-тармағының талаптарына және (немесе) №61 қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі. Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тарту осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 8) және 11) тармақшаларында және екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіздер екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйыммен бірлесіп құрылатын (сатып алынатын) күмәнді және үмітсіз активтерді иеленетін ұйымның капиталына банктің қомақты қатысуына рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері

		жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.
--	--	--

Банкке немесе банк холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды банктің құруына немесе сатып алуына, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты қайтарып алу және (немесе) оның күшін жою қағидаларына
2-қосымша
Нысан
"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік мекемесі
(БСН 191240019852)

_____ жылғы " ____ " _____ №

Еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш

_____ (банктің немесе банк холдингінің атауы)
банктің немесе банк холдингінің уәкілетті органының

_____ (өткізілген орны)
_____ жылғы " ____ " _____ № _____ шешіміне сәйкес

_____ (құрылатын (сатып алынатын) еншілес ұйымның атауы, орналасқан жері)

құруға немесе сатып алуға рұқсат беруді сұрайды.

Өтініш берушінің құрылатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі және сомасы, сондай-ақ ол сатып алатын акцияларының саны және акцияларға алдын ала ақы төлеу мөлшері (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) туралы ақпарат

Сатып алынатын еншілес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері (егер осындай ақпарат аудиторлық есепте жоқ болса), сондай-ақ өтініш берушінің жарғылық капиталдағы үлесі немесе сатып алынатын еншілес ұйымның акцияларының саны, еншілес ұйымның сатып алу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат

Банк немесе банк холдингі өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпараттар мен құжаттарды уәкілетті органға уақтылы беруді растайды.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береміз.

Қоса берілетін құжаттар (жіберілетін құжаттардың атап көрсетілген тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және бет санын көрсету қажет).

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндеттерін атқаратын адам.

(қолы)

Басқарушы органның басшысы (бар болса)

(қолы)

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,

бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына
рұқсатты қайтарып алу және
(немесе) оның күшін жою
қағидаларына
3-қосымша
Нысан
"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік
мекемесі
(БСН 191240019852)

_____ жылғы "____" _____ № _____

**Банк холдингі және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға
ұсынатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш**

(банк холдингінің атауы)
банк холдингінің уәкілетті органының немесе банк холдингінің мәртебесін
иеленуге ниетті тұлғаның

(өткізілген орны)
_____ жылғы "____" _____ № _____ шешіміне сәйкес

(құрылатын (сатып алынатын) еншілес ұйымның атауы, орналасқан
жері)

_____ құруға немесе сатып алуға рұқсат беруді сұрайды.
Құжаттар "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабының 15-тармағына сәйкес рұқсат
бергені үшін алымның төленгенін растайтын құжатты қоспағанда ұсынылмайды.
Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісім береміз.

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндеттерін атқаратын адам.

(қолы)

Басқарушы органның басшысы (бар болса)

(қолы)

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,
бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына
рұқсатты қайтарып алу және
(немесе) оның күшін жою
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік
мекемесі
(БСН 191240019852)

3x4 сурет

Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат

(еншілес ұйымның атауы)

(еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)

және басшы қызметкердің лауазымы немесе кандидат еншілес ұйымда тағайындалатын немесе сайланатын лауазымы көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және жер	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кіммен берілген), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер):

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

4. Еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) оларға қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің түрі	Еншілес ұйымның басшы қызметкеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидатқа) тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе акциялар санының заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының санына арақатынасы (пайызбен) (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып)

1	2	3	4
---	---	---	---

Ескертпе: 4-бағанда еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) үлесін ескере отырып үлесті, сондай-ақ оларды иелену нәтижесінде еншілес ұйымның басшы қызметкері (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтығында ірі қатысушы болып табылатын акциялардың (үлестердің) санын көрсету қажет.

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)*	Жұмыс орны**	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығару, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: осы тармақта еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) еңбек қызметі, (сондай-ақ басқару органындағы мүшелігі), оның ішінде еншілес ұйымдағы лауазымын немесе кандидат еншілес ұйымда тағайындалатын лауазымды көрсете отырып, жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) еңбек қызметі жүзеге асырылмаған кезең көрсетіледі.

* қаржы ұйымдарындағы (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарындағы), банк немесе сақтандыру холдингтеріндегі, халықаралық қаржы ұйымдарының біріндегі, аудиторлық ұйымдардағы, қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдарда еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ қаржы ұйымдарының (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының) басқару органдарына, банктік немесе сақтандыру холдингтеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер көрсетіледі, күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жылы көрсетіледі.

** егер қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі.

6. Еншілес ұйымдағы және (немесе) басқа ұйымдардағы инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

--	--	--	--

№	Кезеңі (айы, жылы)	Ұйымның атауы	Инвестициялық комитеттегі өкілеттіктерді тоқтату себептері
1	2	3	4

7. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) жасаған қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәлімет ұсынылады.

Егер еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) соңғы 10 (он) жыл бойы азаматтығы бар елден тыс жерде тұрақты тұрған жағдайда да ол соңғы 10 (он) жыл тұрақты тұрған елде қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының уәкілетті органның атына хатпен жіберіледі.

8. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) бұдан бұрын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резиденті болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органы немесе қаржылық қадағалау органы банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын төлемге қабілетсіз банктер, банктердің филиалдары санатына жатқызу туралы немесе не банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, немесе қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін, немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының

бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң заңнамасында белгiленген тәртіппен банкрот деп танығанға дейiн, немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, сақтандыру (қайта сақтандыру) филиалының қызметiн мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн бiр жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары немесе атқарушы органның мүшесi, қаржы ұйымының бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерi филиалының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, iрi қатысушы - жеке тұлға, қаржы ұйымының iрi қатысушысы (банк холдингi) - заңды тұлғасының, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басшысы еншiлес ұйымның басшы қызметкерi (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшiн ұсынылатын кандидат) болып табылғандығы туралы мәлiметтер.

(иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс iстеген кезеңiн көрсету)

9. Еншiлес ұйымның басшы қызметкерiнiң (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшiн ұсынылып отырған кандидаттың) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең iшiнде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзi бойынша дефолтқа жол берiлген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөнiндегi берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерiн құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негiзгi борышты төлеу бойынша дефолт мөлшерi төлеу күнiне республикалық бюджет туралы заңда белгiленген айлық есептiк көрсеткiштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi, iрi қатысушысының (iрi акционерiнiң) - заңды тұлғасының - эмитенттiң iрi қатысушы (iрi акционерi) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi болған-болмағандығы туралы мәлiметтер.

(иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс iстеген кезеңiн көрсету)

10. Еншілес ұйымның басшы қызметкері (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидат) қаржы ұйымының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) басшысы ретінде қаржы ұйымының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) қызмет мәселелері бойынша сот талқылауларына жауапкер ретінде тартылды ма:

(иә (жоқ), күнін, ұйымының атауын, сот талқылауындағы жауапкердің атын, қаралатын мәселені және заңды күшіне енген сот шешімін (егер ол шығарылған жағдайда) көрсету керек)

11. Еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидат) тағайындалған (сайланған) күнге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылды ма:

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы, жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып, тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе

сот шешімінің деректемелері)

12. Еншілес ұйымның басшы қызметкеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидатқа) қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе оның негізінде мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнаулы құқықтан айырылған сот шешімі бар ма.

Иә (жоқ), заңды күшіне енген сот шешімінің күнін және нөмірін көрсету

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйектілігі мен толықтығын растаймын, сондай-ақ еншілес ұйымның басшы қызметкерлеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттарға) қойылатын талаптарға сәйкестігін және мінсіз іскерлік беделдің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) өз қолымен баспа әріптерімен толтырады)

Күні _____

Қолы _____

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,
бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына
рұқсатты қайтарып алу және
(немесе) оның күшін жою
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік
мекемесі
(БСН 191240019852)

_____ жылғы "___" _____ № _____

**Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға
немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш**

(банктің немесе банк холдингінің атауы)
банктің уәкілетті органының

(өткізілген орны)

_____ жылғы "____" _____ № _____ шешіміне сәйкес

(құрылатын (сатып алынатын) еншілес ұйымның атауы, орналасқан жері)

құруға немесе сатып алуға рұқсат беруді сұрайды.

Өтініш берушінің құрылатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі және сомасы, сондай-ақ ол сатып алатын акцияларының саны және акцияларға алдын ала ақы төлеу мөлшері (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) туралы ақпарат

Сатып алынатын еншілес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері (егер осындай ақпарат аудиторлық есепте болмаса), сондай-ақ өтініш берушінің жарғылық капиталдағы үлесі немесе сатып алынатын еншілес ұйымның акцияларының саны, еншілес ұйымның сатып алу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат.

Пруденциялық нормативтердің және бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерді иеленуші еншілес ұйымның болуын болжаудың нәтижесінде банктердің сақтауы міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің есебі, оның ішінде уәкілетті орган белгілеген шоғырландырылған негізде _____.

(банктің немесе банк холдингінің атауы)

Банк немесе банк холдингі өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпараттар мен құжаттарды уәкілетті органға уақтылы беруді растайды.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береміз.

Қоса берілетін құжаттар (жіберілетін құжаттардың атап көрсетілген тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және бет санын көрсету қажет).

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндеттерін атқаратын адам.

(қолы)

Басқарушы органның басшысы (бар болса)

(қолы)

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,
бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына
рұқсатты қайтарып алу және
(немесе) оның күшін жою
қағидаларына
б-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік
мекемесі
(БСН 191240019852)

____ жылғы " ____ " _____ № _____

Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға өтініш

(банктің немесе банк холдингінің атауы)

банктің немесе банк холдингінің уәкілетті органының

(өткізілген орны)

____ жылғы " ____ " _____ № ____ шешіміне сәйкес

(ұйымның атауы, орналасқан жері)

ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруді сұрайды.

Өтініш берушінің ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі және сомасы, сондай-ақ ол сатып алатын акцияларының саны және акцияларға алдын ала ақы төлеу мөлшері (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) туралы ақпарат

Ұйымның жарғылық капиталының мөлшері (егер осындай ақпарат аудиторлық есепте болмаса), сондай-ақ өтініш берушінің жарғылық капиталдағы үлесі немесе сатып алынатын ұйымның акцияларының саны, ұйымның сатып алу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат

(банктің немесе банк холдингінің атауы)

Банк немесе банк холдингі өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпараттар мен құжаттарды уәкілетті органға уақтылы беруді растайды.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береміз.

Қоса берілетін құжаттар (жіберілетін құжаттардың атап көрсетілген тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және бет санын көрсету қажет).

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндеттерін атқаратын адам.

(қолы)

Басқарушы органның басшысы (бар болса)

(қолы)

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,
бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына
рұқсатты қайтарып алу және
(немесе) оның күшін жою
қағидаларына
7-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының

_____ жылғы " ____ " _____ № _____

Банк холдингі және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлға ұсынатын банк холдингінің және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген тұлғаның ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш

(банк холдингінің атауы)

банк холдингінің немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдірген
тұлғаның
уәкілетті органының

(өткізілген орны)

_____ жылғы " ____ " _____ № _____ шешіміне сәйкес

(ұйымның атауы, орналасқан жері)

ұйымының капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруді сұрайды.

Құжаттар "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының заңының 11-1-бабының 15-тармағына сәйкес рұқсат
бергені үшін алымның төленгенін растайтын құжатты қоспағанда ұсынылмайды.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісім береміз.

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке
жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндеттерін атқаратын адам.

(қолы)

Басқарушы органның басшысы (бар болса)

(қолы)

Банкке немесе банк холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе
сатып алуға, ұйымдардың
капиталына қомақты қатысуға,

бас банктің күмәнді және үмітсіз
активтерін сатып алатын
еншілес ұйымды банктің
құруына немесе сатып алуына,
сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, сатып алуға,
ұйымдардың капиталына
қомақты қатысуына рұқсатты
қайтарып алу және (немесе)
оның күшін жою қағидаларына
8-қосымша
Нысан
"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік
мекемесі
(БСН 191240019852)

фотосурет
орны

Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттар) туралы ақпарат

(банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіледі)

және басшы қызметкердің лауазымы немесе кандидаттың банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымда тағайындалатын немесе сайланатын лауазымы)

(банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның атауы көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кіммен берілген), жеке сәйкестендіру нөмірі	

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен күні - аяқтаған күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (күні нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

4. Банк немесе банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) оларға қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің түрі	Банк немесе банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидатқа) тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе акциялар санының заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының санына арақатынасы (пайызбен) (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың)

сенімгерлік басқаруындағы үлесті ескере отырып, үлесті, сондай-ақ оларды иелену нәтижесінде банк немесе банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтығында ірі қатысушы болып табылатын акциялардың (үлестердің) санын көрсету қажет.

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)*	Жұмыс орны**	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығару, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: осы тармақта банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) еңбек қызметі туралы мәліметтер (сондай-ақ басқару органындағы мүшелік), оның ішінде банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымдағы лауазымын немесе кандидат ұйымда тағайындалатын немесе сайланатын лауазымды көрсете отырып, жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидат) еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

* қаржы ұйымдарында (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдарында), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде, аудиторлық ұйымдарда, қаржылық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдарда, сондай-ақ қаржы ұйымдарының (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдарының) басқару органдарындағы мүшелігі туралы мәліметтер, банктік және сақтандыру холдингтерінде күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жыл көрсетіледі.

** қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болатын жағдайда, қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі.

6. Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымдағы және (немесе) басқа ұйымдардағы инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезеңі (айы, жылы)	Ұйымның атауы	Инвестициялық комитеттегі өкілеттіктерді тоқтату себептері
1	2	3	4

7. Олардың азаматтығы бар елдің (олар тұрғылықты тұратын елдің – азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органы берген растаушы құжатты қоса ұсына отырып, банктің немесе банк холдингінің капиталға қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) жасаған қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтер.

Банктің немесе банк холдингінің капиталға қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) соңғы 10 (он) жыл бойы азаматтығы бар елден тыс жерде тұрған жағдайда, сондай-ақ ол соңғы 10 (он) жыл бойы тұрған елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының уәкілетті органның атына хатпен жіберіледі.

8. Банктің немесе банк холдингінің басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) бұдан бұрын, уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі оның резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызмет етуін тоқтатуға апарған банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалын төлем жасауға қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктер филиалдары санатына жатқызу немесе қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокері филиалының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі оның резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын, соның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, оның орынбасары немесе мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, бас бухгалтерінің орынбасары, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері, бас бухгалтерінің орынбасары, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) – заңды тұлғаның, соның ішінде қаржы ұйымы – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің жеке тұлға - ірі қатысушысы, басшысы болған-болмағандығы туралы мәліметтер.

(иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету).

9. Банктің немесе банк холдингінің қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттың) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі

қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған-болмағандығы туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету)

10. Қаржы ұйымының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) басшысы ретінде қаржы ұйымының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) қызмет мәселелері бойынша сот талқылауларына жауапкер ретінде тартылды ма:

иә (жоқ), күнін, ұйымының атауын, сот талқылауындағы жауапкердің атын,

қаралатын мәселені және заңды күшіне енген сот шешімін

(егер ол шығарылған жағдайда) көрсету керек)

11. Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидат) тағайындау (сайлау) күніне дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылды ма

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша

сипаттамасы, жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып,

тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

12. Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидатқа) қатысты белгілі бір

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) не соның негізінде ол мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылған сот шешімі бар ма

Иә (жоқ), заңды күшіне енген сот шешімінің

күнін және нөмірін көрсету керек

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйектілігі мен толықтығын растаймын, сондай-ақ Банктің немесе банк холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлеріне (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттарға) қойылатын талаптарға сәйкестігін және мінсіз іскерлік беделдің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(банктің немесе банк холдингінің капиталда қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидат) өз қолымен баспа әріптермен толтырады)

Күні _____

Қолы _____